

### 5.3 Қоғамдық-саяси және рухани даму - 2 сағат

Жоспар:

1. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайының шақырылуы және оның тарихи маңызы. Қазақстан Республикасында қоғамдық қозғалыстардың құрылуы және көппартиялық жүйенің қалыптасуы
2. Қазақстан халқының ұлтаралық келісімі – тәуелсіздік пен демократияны нығайтудың кепілі. Тәуелсіз Қазақстанның конфессионалдық саясаты
3. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. «Мәңгілік ел» идеясының негізгі идеялары. Тарихи сананы жаңғырту
4. Білім және ғылым жүйесіндегі реформалар. «Болашақ» бағдарламасы
5. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласының тарихи маңызы. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы

**Әдістемелік нұсқау:** Бұл тақырыпты талдау барысында студенттер Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңі тек саяси және экономикалық өзгерістермен ғана емес, сонымен қатар елдің қоғамдық және рухани өміріндегі терең өзгерістермен сипатталатынын түсінуі тиіс. 1992 жылы өткен Бірінші дүниежүзілік қазақтар құрылтайының шақырылуы ерекше маңызға ие болды. Ол халық бірлігінің және бүкіл әлемдегі қазақ диаспорасының рухани топтасуының символына айналды.

Тақырыптың маңызды қырларының бірі – 1990-жылдары Қазақстанда көппартиялық жүйе мен қоғамдық қозғалыстардың қалыптасуы. Бұл үдерістер саяси құрылымның тиімді моделін іздеуді көрсетіп, демократиялық жүйенің негізін қалауға және қазіргі заманғы азаматтық қоғам институттарын біртіндеп қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Студенттер мемлекеттік бағдарламалардың рухани және мәдени бағдарларды қалыптастырудағы маңызын түсінуі қажет. «Мәдени мұра» бағдарламасы тарих және мәдениет ескерткіштерін зерттеуге, сақтауға және насихаттауға, жоғалған құндылықтарды қайтаруға және гуманитарлық ғылымдарды дамытуға ықпал етті. «Мәңгілік Ел» идеясы ұлттық бірліктің символына айналып, өткенді, бүгінді және болашақты бірыңғай құндылықтар жүйесіне біріктіретін стратегиялық бағдар болды.

Білім беру мен ғылым саласындағы реформаларға ерекше назар аудару қажет. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы мыңдаған жас қазақстандықтарға шетелде сапалы білім алуға мүмкіндік беріп, ұлттың зияткерлік әлеуетін нығайтты және Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне ықпал етті.

Тақырыпты тереңірек түсіну үшін студенттерге Президент Қ. Тоқаевтың бағдарламалық еңбектері арқылы тәуелсіздікті заманауи тұрғыда пайымдауды және Қазақстанның даму жолдарын талдау ұсынылады. Оның «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында егемендікті ең жоғары құндылық ретінде сақтау маңыздылығы атап көрсетіледі, ал «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы билік пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа деңгейін, ашық диалогқа, қоғамдық бастамаларды ескеруге және азаматтардың сенімін нығайтуға негізделген қағидатты білдіреді.

Бұл тақырыпты меңгеру студенттерге тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси және рухани жаңғыруының тұтас көрінісін көруге, олардың тарихи маңызын түсінуге және одан әрі даму перспективаларын бағалауға мүмкіндік береді.

#### **Реферат тақырыптары:**

1. Тәуелсіздік жылдарындағы халық санағы және оның қорытындылары (1999, 2009, 2021 жж.).
2. Қазақстан Республикасының жастар саясаты: іске асыру тетіктері мен мәселелері.
3. Білім, ғылым және «Болашақ» бағдарламасының ел дамуындағы рөлі.
4. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері.

#### **БӨЖ бақылау сұрақтары**

5-блок. Тәуелсіз Қазақстан

5.1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері Ту, Елтаңба, Әнұраның бекітілуі.

5.2 Қазақстандағы ұлттық компаниялардың құрылуы.

### 5.3 Қазақстан Республикасының жастар саясаты.

#### **Негізгі әдебиет:**

1. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітап: Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. – Алматы: Казак университет, 2022. – 570 б.
2. Абылхожин Ж.Б. Страна в сердце Евразии: Сюжеты по истории Казахстана. – Алматы: Казак университеті, 1998. – 280 с.
3. Назарбаев Н. А. Эра независимости. – Астана: Атамұра, 2017. – 508 с.
4. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – 736 с.

#### **Қосымша әдебиет:**

1. Абенов Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: Атамұра, 1996. – 390 с.
2. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Астана: Елорда, 2001. – 294 с.
3. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Атамұра, 1996. – 256 с.
4. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
5. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003 – 240 с.
6. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. – Алматы: Раритет, 2010. – 432 с.